

**"ТҰҒЫР" біліктілікті  
арттыру орталығы**

**"Центр повышения  
квалификации "ТҰҒЫР"**

**«Инклюзивті білім беру: балалардың даму ерекшеліктерін қолдау және  
педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту»  
педагогтердің біліктілігін арттыру курсы  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Академиялық сағаттардың саны: 80**

**Қордай 2025**

## 1.Жалпы ережелер

«Инклюзивті білім беру: балалардың даму ерекшеліктерін қолдау және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығының талаптарына, сондай-ақ Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрық) және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының ережелеріне сәйкес әзірленді.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және педагогикалық өзгерістер инклюзивті білім беруді білім беру саясатының негізгі бағыты ретінде қарастыруды талап етеді. Балалардың даму ерекшеліктерінің әртүрлілігі – заманауи мектептің табиғи бөлігі, ал педагогтің кәсіби міндеті – әр баланың жеке білім алу қажеттіліктеріне жауап беретін қолжетімді, қауіпсіз және қолдаушы орта құру. Осы жағдайларда педагогтердің инклюзивті педагогика, арнайы педагогикалық қолдау, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және сараланған оқыту әдістері бойынша кәсіби құзыреттерін үздіксіз жетілдіру өзекті болып отыр.

Инклюзивті білім беру мазмұнының жаңаруы, даму мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру процесіне толық қатысуын қамтамасыз ету, педагогтердің кәсіби рөлін қайта қарауды және заманауи әдіс-тәсілдерді білім беру практикасына енгізуді қажет етеді. Инклюзивті ортада педагог тек пәндік білімді жеткізуші емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуші, балалардың әлеуетін ашуға жағдай жасайтын кәсіби бағыттаушы, ата-аналар мен мамандар командасымен серіктестік орната алатын тұлға болуы тиіс.

Соңғы жылдары инклюзивті білім беру саласы халықаралық деңгейде қарқынды дамып келеді. Білім беру жүйесіндегі негізгі трендтердің бірі – әр баланың дамуын жан-жақты қолдайтын, қолжетімді, тең құқықты білім беру ортасын қалыптастыру. Бұл үрдіс арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды (ЕБҚ) жалпы білім беру ортасына кіріктіруге, орта құруды бейімдеуге, арнайы педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған.

Қазіргі білім беру кеңістігінде инклюзивті білім берудің маңызды трендтеріне:

- жеке білім беру бағдарламаларын (ЖББ, ЖДБ) әзірлеу және жүзеге асыру;
- командалық сүйемелдеу моделі (дефектолог, психолог, логопед, тьютор);
- балалардың функционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған тәсілдер;
- оқытудағы универсалды дизайн (UDL) қағидаттарын енгізу;
- әлеуметтік-эмоциялық қолдау құралдары;

- цифрлық ассистивті технологиялардың кеңеюі;
- қашықтан және аралас форматтағы арнайы қолдау технологиялары жатады.

Инклюзивті білім беру саласындағы тағы бір тренд – ата-аналармен серіктестік, яғни білім беру процесіне отбасының қатысуын арттыру, ата-аналарды оқыту және консультациялау. Бұл тәсіл баланың дамуын педагогтер мен отбасының бірлескен қолдауына негіздейді.

Сонымен қатар, заманауи мектептерде дискриминациясыз, қауіпсіз, қолдаушы мәдениетті қалыптастыру маңызды. Инклюзивті мектеп мәдениеті құрметке, әртүрлілікті қабылдауға, толеранттылыққа, әлеуметтік әділдікке негізделеді.

Бағдарламаны әзірлеуге негіз болған факторлар

Бағдарламаны әзірлеу барысында инклюзивті білім беру жүйесіндегі соңғы өзгерістер, педагогтердің кәсіби қажеттіліктері, арнайы қолдауды ұйымдастырудағы өзекті мәселелер ескерілді. Бағдарламаның мазмұны төмендегі факторлар негізінде әзірленді:

- білім беру ұйымдарында инклюзивті тәжірибені енгізу бойынша сұраныстың артуы;
- педагогтердің инклюзивті педагогика, арнайы педагогикалық қолдау және сараланған оқыту әдістері бойынша құзыреттерін күшейту қажеттілігі;
- дамуында ерекшеліктері бар балаларды (ЕБҚ) жалпы білім беру процесіне кіріктіру тәжірибесінің кеңеюі;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жаңа форматтарға көшуі;
- UDL, RTI (Response to Intervention) сияқты халықаралық үлгілердің өзектілігі;
- педагогтердің ЕБҚ бар балаларға арналған арнайы бағдарламалар, бағалау құралдары және түзету жұмыстары бойынша білімін жетілдіруге деген сұранысы.

Бағдарламаны әзірлеу барысында жалпы білім беретін мектептердің педагогтері, дефектологтары, психологтары, әлеуметтік педагогтері және инклюзивті білім беру мамандары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін төмендегі бағыттарда анықтады:

- 74% – ЕБҚ бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларын құрастыру дағдыларын жетілдіру қажеттігін;
- 69% – инклюзивті оқыту әдістері мен сараланған тапсырмаларды әзірлеу қажеттігін;
- 63% – балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау және мониторинг жүргізу әдістерін меңгеру қажеттігін;
- 58% – психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету технологияларын үйрену қажеттігін;

– 55% – командамен жұмыс (психолог, логопед, дефектолог) дағдыларын дамыту қажеттігін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері негізінде

Бағдарламаның негізгі бағыттары:

- инклюзивті білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздері;
- балалардың даму ерекшеліктері және даму картасын жүргізу;
- педагогикалық диагностика және мониторинг;
- арнайы педагогикалық қолдау көрсету технологиялары;
- сараланған және дербестендірілген оқыту;
- инклюзивті білім беру жағдайында UDL қағидаттарын қолдану;
- психологиялық-эмоциялық қолдау және балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту;
- ассистивті технологиялар және цифрлық ресурстар;
- ата-аналармен және мамандар командасымен серіктестік орнату;
- педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы.

Курс аяқталғаннан кейін педагогикалық қызметкер:

- инклюзивті білім беру қағидаттарын кәсіби қызметінде тиімді қолдана алады;
- балалардың даму ерекшеліктерін ескеріп, оқыту процесін бейімдейді;
- жеке білім беру бағдарламаларын құрастырып, жүзеге асырады;
- психологиялық-педагогикалық қолдау құралдарын орынды қолданады;
- сараланған және дербестендірілген тапсырмалар әзірлейді;
- инклюзивті, қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын ұйымдастырады;
- ата-аналармен және мамандар командасымен конструктивті серіктестік орнатады;
- кәсіби рефлексия жасап, үздіксіз дамуға дайын болады.

Бағдарлама төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделеді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
- инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы;
- жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты;
- әдістемелік нұсқау хаттар және халықаралық ұсынымдар.

«Инклюзивті білім беру: балалардың даму ерекшеліктерін қолдау және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы бұл оқу бағдарламасы педагогтердің кәсіби сұраныстарын ескере отырып әзірленген.

Бағдарлама білім беру ұйымдарында инклюзивті тәжірибені сапалы енгізуге, балалардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген білім беру ортасын құруға және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін кешенді дамытуға бағытталған.

## 2. Глоссарий

|                                        |                                                                                                                                            |
|----------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Арнайы білім беру қажеттіліктері (АБК) | балалардың даму, физикалық, психологиялық немесе әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты қосымша қолдау қажет болатын жағдайлар              |
| Әлеуметтік инклюзия                    | әр баланың әлеуметтік өмірге толыққанды қатысуын қамтамасыз ету, оқуда, ойын мен қоғамдағы өзара әрекеттестікте тең мүмкіндіктер жасау.    |
| Даму ерекшеліктері                     | әр баланың физикалық, когнитивтік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуының жеке сипаттары                                                    |
| Дифференциалды оқыту                   | оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сай оқу әдістері мен тапсырмаларды әртүрлі қолдану стратегиясы                                           |
| Индивидуалды білім беру жоспары (ИБЖ)  | ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін жасалған мақсаттар мен қолдау шараларын сипаттайтын құжат                               |
| Инклюзивті білім беру                  | барлық балалардың, олардың даму ерекшеліктеріне қарамастан, бірлесіп білім алуына жағдай жасауға бағытталған білім беру тәсілі             |
| Инклюзивті орта                        | әр баланың өз мүмкіндіктеріне сай білім алуға, дамытуға және әлеуметтік қатынастарға қатысуға мүмкіндік беретін оқу орталары               |
| Кейс-стади (оқиғаны талдау)            | педагогикалық тәжірибеде кездесетін нақты жағдайларды талдап, шешім қабылдау дағдыларын дамыту әдісі                                       |
| Қолдау қызметтері                      | инклюзивті білім беру процесінде педагогтер мен оқушыларға психологиялық, логопедиялық, әлеуметтік немесе әдістемелік көмек көрсету жүйесі |
| Құзыреттілік негізіндегі тәсіл         | педагогикалық қызметкерлердің кәсіби дамуында білім, дағды және құндылықтарды үйлестіре отырып нәтиже алуға бағытталған әдістеме           |
| Құндылықтар негізіндегі оқыту          | балаларды біліммен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, эмоционалдық және этикалық құндылықтармен де дамытуға бағытталған оқыту тәсілі     |
| Мультидисциплинарлық команда           | оқушыға кешенді қолдау көрсету үшін әр түрлі мамандық иелерінен (педагог, психолог, логопед, әлеуметтік қызметкер) құралған команда        |
| Педагогикалық қолдау стратегиялары     | инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың дамуын, білім алуын және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдер        |

|                                         |                                                                                                                                       |
|-----------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Педагогтің кәсіби құзыреттілігі         | білім беру процесінде тиімді жұмыс істеу үшін педагогтің кәсіби білімдері, дағдылары, құндылықтары мен кәсіби қатынастарының жиынтығы |
| Психологиялық-педагогикалық диагностика | балалардың даму деңгейін, қабілеттерін, мүдделерін және қажеттіліктерін анықтау мақсатында қолданылатын зерттеу әдістері              |

### 3. Бағдарлама тақырыбы

Ұсынылып отырған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсы жалпы орта білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған. Қазіргі білім беру кеңістігінде балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып оқыту педагогтің кәсіби құзыреттілігіне, білім беру ортасының инклюзивтік мүмкіндіктеріне және оқушылардың әлеуметтік, когнитивтік және эмоционалдық дамуын қолдауға бағытталған әдістемелерді қолдану деңгейіне тікелей байланысты.

Қоғамның білім беру саласындағы жаңаруы, балалардың әртүрлі даму ерекшеліктерінің артуы, ақпараттық қолжетімділіктің кеңеюі және ата-аналардың балалардың сапалы білім алуына қойған талаптарының өсуі педагогтердің дәстүрлі тәжірибесін қайта қарауды қажет етеді. Осы жағдайларда педагогтің кәсіби қызметі тек пәндік білім берумен шектелмей, балалардың жеке мүмкіндіктерін ескеретін, инклюзивтік тәсілдерді тиімді қолданатын, заманауи педагогикалық технологияларды меңгерген маман ретінде жүзеге асырылуы тиіс.

Осыған байланысты педагогтен төмендегідей кәсіби міндеттерді тиімді жүзеге асыру талап етіледі:

- әр баланың жас және жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып оқу үдерісін жобалау;
- әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуды қолдайтын тапсырмаларды ұйымдастыру;
- инновациялық және инклюзивтік оқыту технологияларын оқу процесіне енгізу;
- білім беру ресурстарын және цифрлық платформаларды тиімді пайдалану;
- балалар мен ата-аналармен тиімді коммуникация орнату;
- психологиялық-педагогикалық қолдау стратегияларын қолдану.

Аталған курс педагогті:

- инклюзивтік білім берудің заманауи тәсілдерін меңгерген;
- оқушының жеке дамуына бағдарланған оқыту үдерісін ұйымдастыра алатын;
- әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік ерекшеліктерді ескере отырып жұмыс істейтін;
- кәсіби рефлексия мен үздіксіз дамуға қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама инклюзивті білім беру үдерісінде:

- педагогикалық қолдау стратегиялары мен жеке білім беру жоспарларын тиімді қолдану;
- тұлғаға бағдарланған және дифференциалды оқыту әдістерін енгізу;
- цифрлық және интерактивті құралдарды пайдалану;
- оқушылардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын қолдайтын әдістерді қолдану;
- педагогтің кәсіби рефлексиясы мен үздіксіз дамуын қамтамасыз ету қағидаларын іске асыруға арналған.

Курста қамтылатын негізгі бағыттар

Бағдарлама мазмұны бұрынғы біліктілікті арттыру курстарында жеткілікті деңгейде жүйеленбеген және инклюзивтік білім беру тәжірибесінде өзекті болып табылатын келесі бағыттарды біріктіреді:

- инклюзивтік білім берудің теориялық негіздері және педагогикалық тәсілдері;
- балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес дифференциалды оқыту әдістері;
- психологиялық-педагогикалық қолдау стратегияларын ұйымдастыру;
- жобалық және зерттеушілік оқытуды интеграциялау;
- цифрлық және интерактивті білім беру ресурстарын тиімді пайдалану;
- педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы.

Бағдарламаның жаңашылдығы

1. Инклюзивтік оқыту тәсілдері. Бағдарламада балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері ұсынылады.

2. Жобалық, зерттеушілік және практикалық әрекетті интеграциялау. Оқушылардың әлеуметтік, когнитивтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған кешенді жобалық және зерттеушілік тапсырмалар қарастырылады.

3. Цифрлық ресурстар мен платформаларды оқу үдерісіне енгізу. Инклюзивтік білім беру жағдайында цифрлық құралдарды қауіпсіз және тиімді қолдану әдістері көрсетіледі.

4. Педагогтің кәсіби дамуы мен рефлексиясы. Педагогтің кәсіби ойлауын дамыту, өзін-өзі жетілдіру және балалардың даму ерекшеліктерін бағалауға бағытталған тәсілдер ұсынылады.

Аналогтік бағдарламаларға салыстырмалы талдау

Қолданыстағы инклюзивтік білім беру педагогтеріне арналған курстардың басым бөлігі:

- инклюзивтік әдістерді теориялық деңгейде ғана қарастырады;
- практикалық бағыттағы тапсырмалар мен кейстерді жеткіліксіз ұсынады;
- балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға шектеулі назар аударады;

- педагогтің кәсіби рефлексиясын жүйелі дамытуға бағытталмаған.

Ұсынылып отырған бағдарламаның артықшылықтары

- теория мен практиканың үйлесімділігі;
- нақты оқу жағдаяттарына негізделген практикалық тапсырмалар;
- педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталуы;
- заманауи педагогикалық трендтер мен халықаралық тәжірибелерге сүйенуі;
- балалардың даму ерекшеліктерін ескеретін инклюзивтік білім беруді қамтамасыз ету.

|                        |                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Диагностикалық бағалау | Курс басталар алдында педагогикалық қызметкерлердің инклюзивті білім беру саласындағы теориялық, практикалық, психологиялық-педагогикалық және кәсіби құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық бағалау жүргізіледі |
|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



|                                                                  |                                                                                                                                                                                                      |
|------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1-модуль. Педагогтің инклюзивтік құзыреттілігін дамыту негіздері | 1.1-тақырып<br>Инклюзивті білім беру тұжырымдамалары, даму тенденциялары және халықаралық тәжірибелер                                                                                                |
|                                                                  | 1.2-тақырып<br>Оқушыға бағдарланған оқыту: педагогтің заманауи рөлі, кәсіби ұстанымы және жеке қолдау стратегиялары                                                                                  |
|                                                                  | 1.3-тақырып<br>Тұлғаға бағдарланған және дифференциалды оқытуды жоспарлау: ЖББ мен ЖДБ құру негіздері                                                                                                |
|                                                                  | 1.4-тақырып<br>Балалардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын қолдайтын заманауи әдістер                                                                                                |
|                                                                  | 1.5-тақырып<br>Инклюзивтік білім беру жағдайында цифрлық және ассистивті технологияларды тиімді пайдалану                                                                                            |
|                                                                  | 1.6-тақырып<br>Балалардың сыни, логикалық және креативті ойлауын дамыту технологиялары                                                                                                               |
|                                                                  | 1.7-тақырып<br>Педагогикалық диагностика және мониторинг: балалардың даму ерекшеліктерін анықтау және бағалау әдістері                                                                               |
|                                                                  | 1.8-тақырып<br>Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стратегиялары және балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту                                                                                 |
|                                                                  | 1.9-тақырып<br>Ата-аналармен және мультидисциплинарлық командамен (психолог, дефектолог, әлеуметтік педагог) серіктестікті ұйымдастыру                                                               |
|                                                                  | 1.10-тақырып<br>Педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы: өзін-өзі бағалау және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру әдістері                                                                    |
| 2-модуль. Вариатив Инклюзивті білім беру тәжірибелері            | 2.1-тақырып<br>Инклюзивтік оқыту жағдайында дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу                                                                                              |
|                                                                  | 2.2-тақырып<br>Ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және білім беру платформаларындағы қолжетімділік. Инклюзивтік ортада интерактивті және ассистивті технологияларды қолдану практикалық мысалдары |
| 3-модуль.                                                        | 3.1 – тақырып                                                                                                                                                                                        |

|                                                |                                                                                                                                                                                                          |
|------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу | Мультидисциплинарлық командамен жұмыс және педагогикалық серіктестікті дамыту тәжірибесі                                                                                                                 |
| Қорытынды бағалау                              | Курс соңында педагогикалық қызметкердің инклюзивтік білім беру саласындағы теориялық, практикалық, психологиялық-педагогикалық және кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін кешенді бағалау жүргізіледі |

#### 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның негізгі мақсаты – педагогикалық қызметкерлердің инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға үйрету, сондай-ақ білім беру ұйымдарында қолайлы, қауіпсіз және тең мүмкіндіктері бар оқу ортасын қалыптастыруға қажетті теориялық және практикалық дағдыларды дамыту.

Бағдарлама мұғалімдердің ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау стратегияларын меңгеруіне, инклюзивті практикаға қажетті педагогикалық, психологиялық және әдістемелік тәсілдерді тиімді қолдануына, сондай-ақ кәсіби рефлексия мен үздіксіз даму мәдениетін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарлама мақсатына қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді іске асыру көзделеді:

- инклюзивті білім берудің мәні, принциптері және нормативтік-құқықтық негіздері туралы теориялық білімді тереңдету;

- балалардың даму ерекшеліктері мен әртүрлі білім беру қажеттіліктерін анықтау, қолдау көрсетудің педагогикалық және психологиялық тәсілдерін меңгерту;

- БЖБҚ бар оқушыларды оқытуға арналған сараланған, дербестендірілген оқу әдістерін үйрету;

- инклюзивті сынып ортасын құруға қажетті тиімді коммуникация, коучинг, коллаборация және командалық жұмыс дағдыларын дамыту;
- бейімделген және модификацияланған оқу бағдарламаларын, ҚОП (Жеке оқу бағдарламалары) әзірлеу қағидағтарын түсіндіру және практикада қолдануды үйрету;
- педагогтердің эмоционалдық күйін сақтау, кәсіби күйзелістің алдын алу және инклюзивті ортада жұмыс істеуге психологиялық дайындықты қалыптастыру;
- ата-аналармен, мамандармен (психолог, логопед, дефектолог, ассистент) өзара әрекеттесу механизмдерін меңгерту;
- инклюзивті білім берудегі этикалық нормаларды, қауіпсіздік талаптарын және баланың құқығын қорғау қағидағтарын қолдануға үйрету;
- кәсіби рефлексия, өзін-өзі бағалау және үздіксіз кәсіби даму дағдыларын қалыптастыру.

#### Күтілетін нәтижелер

Бағдарлама аяқталғаннан кейін педагогикалық қызметкерлер төмендегідей нәтижелерге қол жеткізеді:

- инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін, қағидағтарын және құқықтық талаптарын талдайды;
- балалардың жеке даму ерекшеліктерін, оқу қажеттіліктерін талдай алады және қолдау көрсету тәсілдерін дұрыс таңдайды;
- сараланған және дербестендірілген оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдістерін қолданады;
- ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс барысында бейімделген тапсырмалар, оқу материалдары және бағалау құралдарын құрастырады;
- сабақта және сыныпта инклюзивті орта қалыптастыру үшін психологпен, дефектологпен, логопедпен және ата-анамен бірлескен кәсіби әрекет жүргізеді;
- оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу, жеке прогрессін бақылау және кері байланыс беру дағдыларын меңгереді;
- инклюзивті білім беруде этикалық нормаларды сақтайды, қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қамтамасыз етеді;
- рефлексия жасап, кәсіби қызметін үздіксіз жетілдірудің жеке траекториясын құра алады;
- инклюзивті білім берудегі заманауи педагогикалық тәжірибелерді практикада орынды қолданады.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Оқу бағдарламасы үш модульден және қорытынды бағалаудан тұрады және педагогикалық қызметкерлердің инклюзивті білім беру саласындағы теориялық, практикалық, психологиялық-педагогикалық және кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында балалардың даму ерекшеліктерін ескеріп, педагогтік қолдау стратегияларын, жеке білім беру бағдарламаларын және цифрлық ресурстарды практикалық түрде қолдануды үйрету.

### **Диагностикалық бағалау**

Бағдарламаның бастапқы кезеңінде 1-модуль аясында қатысушылардың инклюзивтік оқыту, жеке білім беру бағдарламаларын құрастыру, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және цифрлық ресурстарды пайдалану дағдыларының бастапқы деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық бағалау жүргізіледі. Бұл нәтиже әр модуль бойынша жеке мақсаттар мен практикалық тапсырмаларды бейімдеуге мүмкіндік береді.

### **1-модуль. Педагогтің инклюзивтік құзыреттілігін дамыту негіздері**

Модульде инклюзивтік білім берудің теориялық негіздері, тұлғаға бағдарланған және дифференциалды оқыту тәсілдері, балалардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын қолдауға арналған заманауи әдістер қарастырылады. Педагогтер:

- жеке білім беру бағдарламаларын құрастыру және енгізу;
- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стратегияларын қолдану;
- балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау және мониторинг жүргізу;

- цифрлық ресурстар мен ассистивті технологияларды тиімді пайдалану;

- педагогтің кәсіби рефлексиясы мен үздіксіз дамуын қамтамасыз ету дағдыларын меңгереді.

#### 2-модуль. Инклюзивтік білім беру тәжірибелері

Бұл модульде педагогтер инклюзивтік оқыту жағдайында жобалық, зерттеушілік және практикалық әдістерді интеграциялау тәсілдерін меңгереді.

Қатысушылар:

- дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу;
- STEAM элементтерін сабаққа енгізу арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту;

- цифрлық платформаларда өзара әрекеттесу, командалық жұмыс дағдыларын жетілдіру;

- ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық этика қағидаларын практикалық қолдану.

#### 3-модуль. Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу

Бұл модуль педагогтердің инклюзивтік білім беру әдістерін практикалық түрде қолдануына бағытталған. Қатысушылар өз тәжірибесіне сәйкес педагогикалық кейстерді әзірлейді, жүзеге асырады және талдайды. Модуль барысында:

- балалардың әлеуметтік, когнитивтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған іс-әрекеттер қарастырылады;

- сабақ сапасын арттыру және педагогикалық процестерді тиімді ұйымдастыру тәсілдері талданады;

- тәжірибе алмасу арқылы педагогтің практикалық шешім қабылдау, цифрлық құралдарды қолдану және командалық жұмыс дағдылары жетілдіріледі.

Барлық модульдерді аяқтаған соң қатысушылар қорытынды тестілеуден өтеді және қорытынды жұмыс ұсынады (мини-жоба, кейс-стади немесе презентация). Қорытынды бағалау педагогтің инклюзивтік білім беру саласындағы теориялық, практикалық, психологиялық-педагогикалық және кәсіби құзыреттерін меңгеру деңгейін көрсетеді және практикалық тапсырмаларды орындау, цифрлық ресурстар мен ассистивті технологияларды тиімді пайдалану қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

|                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Диагностикалық бағалау                                           | <p>Курс басталар алдында педагогикалық қызметкерлердің инклюзивті білім беру саласындағы теориялық, практикалық, психологиялық-педагогикалық және кәсіби құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық бағалау жүргізіледі</p> <p>Диагностика нәтижелері тыңдаушылардың жеке білім алу траекториясын жоспарлауға, курс мазмұнын меңгеру қарқынын айқындауға және практикалық тапсырмаларды саралап ұйымдастыруға мүмкіндік береді.</p>                                                                             |
| 1-модуль. Педагогтің инклюзивтік құзыреттілігін дамыту негіздері | <p>1.1-тақырып</p> <p>Инклюзивті білім беру тұжырымдамалары, даму тенденциялары және халықаралық тәжірибелер</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>Бұл тақырыпта инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттары, БҰҰ, ЮНЕСКО құжаттарындағы инклюзия түсінігі, әлемдік білім беру жүйелеріндегі даму тенденциялары қарастырылады. Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, инклюзивті орта қалыптастырудың тиімді модельдері, озық елдердің практикалық шешімдері және оларды ұлттық білім беру кеңістігінде қолдану мүмкіндіктері талданады</p> |
|                                                                  | <p>1.2-тақырып</p> <p>Оқушыға бағдарланған оқыту: педагогтің заманауи рөлі, кәсіби ұстанымы және жеке қолдау стратегиялары</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>Тақырып педагогтің оқыту үдерісіндегі трансформацияланған рөлін, оқушы қажеттіліктерін бірінші орынға қоятын педагогикалық ұстанымдарды қарастырады. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке қолдау стратегиялары, оқытудағы икемділік, мотивацияны арттыру тәсілдері және эмоциялық-психологиялық қолдау моделі оқытылады</p>                               |
|                                                                  | <p>1.3-тақырып</p> <p>Тұлғаға бағдарланған және дифференциалды оқытуды жоспарлау: ЖББ мен ЖДБ құру негіздері</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>Бұл бөлімде жеке білім беру бағдарламасы (ЖББ) мен жеке дамыту бағдарламаларын (ЖДБ) әзірлеудің әдістемелік негіздері қарастырылады. Оқушылардың жеке оқу мақсаттарын, даму ерекшеліктерін, қажетті қолдау түрлерін ескере отырып сабақ жоспарлаудың тетіктері түсіндіріледі. Саралау тәсілдері мен оқу траекторияларын құруға арналған практикалық модельдер ұсынылады</p>                 |
|                                                                  | <p>1.4-тақырып</p> <p>Балалардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын қолдайтын заманауи әдістер</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>Ақырыпта элементтері, эмоцияны басқару, ынтымақтастық, дербестік сияқты әлеуметтік дағдыларды дамыту әдістері баяндалады. Сонымен қатар, когнитивтік процестерді қолдауға арналған ойын</p>                                                                                                                                                                                                 |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | технологиялары, метатанымдық әдістер, нейропедагогика элементтері және олардың инклюзивті сыныптағы қолданылуы қарастырылады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|  | <p>1.5-тақырып</p> <p>Инклюзивтік білім беру жағдайында цифрлық және ассистивті технологияларды тиімді пайдалану</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>Бұл тақырыпта ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған ассистивті құралдар (дыбыстық қолдау, экран оқитын құрылғылар, кеңейтілген шрифттер, бейімделген интерфейстер) және цифрлық платформалардың мүмкіндіктері талданады. Тиімді қолдану критерийлері, оқу тапсырмаларын цифрлық бейімдеу жолдары көрсетіледі</p> |
|  | <p>1.6-тақырып</p> <p>Балалардың сыни, логикалық және креативті ойлауын дамыту технологиялары</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>Сыни ойлау стратегиялары, логикалық ойлауды дамыту жаттығулары және шығармашылық әлеуетті ашатын әдістемелер ұсынылады. Әдістердің инклюзивті сыныпта қолданылу ерекшеліктері мен бейімдеу жолдары қарастырылады</p>                                                                                                                       |
|  | <p>1.7-тақырып</p> <p>Педагогикалық диагностика және мониторинг: балалардың даму ерекшеліктерін анықтау және бағалау әдістері</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>Балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, моторлық даму деңгейін анықтайтын диагностикалық әдістер қарастырылады. Мониторинг жүргізу принциптері, динамикалық бақылау, бағалау парақтары, рубрикалар мен бақылау карталарын қолдану үлгілері түсіндіріледі</p>                                            |
|  | <p>1.8-тақырып</p> <p>Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стратегиялары және балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>Қолдау көрсету моделдері, баланың әлеуметтік интеграциясын күшейту жолдары, топтық жұмысқа бейімдеу, мінез-құлық қиындықтары бар оқушылармен жұмыс тәсілдері ұсынылады. Эмоциялық әл-ауқатты қамтамасыз етуге арналған әдістер талданады</p>                                                                 |
|  | <p>1.9-тақырып</p> <p>Ата-аналармен және мультидисциплинарлық командамен (психолог, дефектолог, әлеуметтік педагог) серіктестікті ұйымдастыру</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>Инклюзивті білім беруде командамен жұмыс жасаудың маңызы, мамандар арасындағы тиімді коммуникация модельдері, ата-анамен құрылған серіктестік формалары түсіндіріледі. Кезеңдік кездесулер,</p>                                                                                            |

|                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|----------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                          | <p>бірлескен жоспарлау, рефлексия және оқушының даму картасын бірлесіп жүргізу жолдары көрсетіледі</p> <p>1.10-тақырып<br/>Педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы: өзін-өзі бағалау және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру әдістері<br/>Қысқаша мазмұны:<br/>Педагогтің рефлексивтік тәжірибесі, кәсіби өзін-өзі талдау құралдары, портфолио жүргізу, Lesson Study, Action Research әдістері қарастырылады. Үздіксіз кәсіби даму траекториясын жоспарлау жолдары және кәсіби күйзелістің алдын алу тәсілдері беріледі</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 2-модуль. Вариатив Инклюзивті білім беру тәжірибелері    | <p>2.1-тақырып<br/>Инклюзивтік оқыту жағдайында дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу<br/>Қысқаша мазмұны:<br/>Тақырып әртүрлі дайындық деңгейіндегі оқушыларға арналған тапсырмаларды бейімдеу қағидаттарын қамтиды. Оқу мақсаттарын нақтылау, тапсырмаларды күрделілік деңгейі бойынша саралау, оқу материалының визуалды, мәтіндік және практикалық түрлерін түрлендіру жолдары көрсетіледі. Қолдануға дайын бейімделген тапсырма үлгілері беріледі</p> <p>2.2-тақырып<br/>Ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және білім беру платформаларындағы қолжетімділік. Инклюзивтік ортада интерактивті және ассистивті технологияларды қолдану практикалық мысалдары<br/>Қысқаша мазмұны:<br/>Цифрлық ортадағы қауіпсіздік қағидаттары, жеке мәліметтерді қорғау, онлайн коммуникациядағы этикалық нормалар қарастырылады. Білім беру платформаларындағы қолжетімділік параметрлері, бейімделген интерфейстер және интерактивті құралдарды қолдану бойынша нақты практикалық кейстер ұсынылады</p> |
| 3-модуль. Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу | <p>3.1-тақырып<br/>Мультидисциплинарлық командамен жұмыс және педагогикалық серіктестікті дамыту тәжірибесі<br/>Қысқаша мазмұны:<br/>Бұл модульде тыңдаушылар нақты практикалық тапсырмалар орындайды: мамандармен бірлескен кеңес құру, оқушының ЖББ/ЖДБ бойынша командалық шешім қабылдау, педагогикалық кейстерді талдау. Тәжірибе бөлісу, кәсіби пікірталас, шеберлік сағаттары мен практикалық тренингтер өткізіледі</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Қорытынды бағалау                                        | <p>Курс соңында педагогикалық қызметкердің инклюзивтік білім беру саласындағы теориялық, практикалық, психологиялық-педагогикалық және кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін кешенді бағалау жүргізіледі. Курс соңында педагогикалық қызметкердің инклюзивтік білім беру саласындағы теориялық,</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |



|  |                                                                                                                                                                                                                                                |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | практикалық, психологиялық-педагогикалық және кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін кешенді бағалау жүргізіледі. Бағалау тестілеу, практикалық тапсырма орындау, рефлексиялық эссе және оқу нәтижелерін қорғау формаларында ұйымдастырылады |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

### 80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық курстың оқу-тақырыптық жоспары

| №    | Сабақтардың тақырыптары                                                                                                 | Дәріс     | Практикалық дәріс | Демо-с абақты тан-ру / Жобаны қорғау | Тестілеу / тәжірибе | Барлығы   |
|------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-------------------|--------------------------------------|---------------------|-----------|
|      | Диагностикалық бағалау                                                                                                  |           |                   |                                      | 1                   | <b>1</b>  |
| 1    | Педагогтің инклюзивтік құзыреттілігін дамыту негіздері                                                                  | <b>20</b> | <b>40</b>         | <b>2</b>                             |                     | <b>62</b> |
| 1.1  | Инклюзивті білім беру тұжырымдамалары, даму тенденциялары және халықаралық тәжірибелер                                  | 2         | 2                 |                                      |                     | 4         |
| 1.2  | Оқушыға бағдарланған оқыту: педагогтің заманауи рөлі, кәсіби ұстанымы және жеке қолдау стратегиялары                    | 2         | 4                 |                                      |                     | 6         |
| 1.3  | Тұлғаға бағдарланған және дифференциалды оқытуды жоспарлау                                                              | 2         | 4                 |                                      |                     | 6         |
| 1.4  | Балалардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын қолдайтын заманауи әдістер                                  | 2         | 4                 |                                      |                     | 6         |
| 1.5  | Инклюзивтік білім беру жағдайында цифрлық және ассистивті технологияларды тиімді пайдалану                              | 2         | 4                 |                                      |                     | 6         |
| 1.6  | Балалардың сыни, логикалық және креативті ойлауын дамыту технологиялары                                                 | 2         | 4                 |                                      |                     | 6         |
| 1.7  | Педагогикалық диагностика және мониторинг: балалардың даму ерекшеліктерін анықтау және бағалау әдістері                 | 2         | 4                 | 2                                    |                     | 8         |
| 1.8  | Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стратегиялары және балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту                   | 2         | 6                 |                                      |                     | 8         |
| 1.9  | Ата-аналармен және мультидисциплинарлық командамен (психолог, дефектолог, әлеуметтік педагог) серіктестікті ұйымдастыру | 2         | 4                 |                                      |                     | 6         |
| 1.10 | Педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы: өзін-өзі бағалау және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру әдістері       | 2         | 4                 |                                      |                     | 6         |
| 2    | Инклюзивті білім беру тәжірибелері                                                                                      | <b>4</b>  | <b>4</b>          |                                      |                     | <b>8</b>  |

|     |                                                                                                                                                                                       |           |           |           |          |           |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------|-----------|----------|-----------|
| 2.1 | Инклюзивтік оқыту жағдайында дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу                                                                                              | 2         | 2         |           |          | 4         |
| 2.2 | Ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және білім беру платформаларындағы қолжетімділік. Инклюзивтік ортада интерактивті және ассистивті технологияларды қолдану практикалық мысалдары | 2         | 2         |           |          | 4         |
| 3   | Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу                                                                                                                                        |           |           | 8         |          | 8         |
| 3.1 | Мультидисциплинарлық командамен жұмыс және педагогикалық серіктестікті дамыту тәжірибесі                                                                                              |           |           | 8         |          | 8         |
|     | Қорытынды бағалау                                                                                                                                                                     |           |           |           | 1        | 1         |
|     | <b>Барлығы</b>                                                                                                                                                                        | <b>24</b> | <b>44</b> | <b>10</b> | <b>2</b> | <b>80</b> |

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

Инклюзивті білім беру бойынша біліктілігін арттыру курстары 80 сағаттық форматтарда бекітілген оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жүктемесінің көлемі төмендегі модульдер бойынша бөлінеді:

– 1-модуль «Педагогтің инклюзивтік құзыреттілігін дамыту негіздері» – 62 сағат.

– 2-модуль «Инклюзивті білім беру тәжірибелері» – 8 сағат.

– 3-модуль «Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу» – 8 сағат.

Диагностикалық бағалау – 2 сағат.

Курс мазмұны білім беру ұйымдарында инклюзивті тәжірибені сапалы енгізуге, балалардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген білім беру ортасын құруға және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін кешенді дамытуға бағытталған.

Оқу процесі интерактивті, тәжірибеге бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерге сүйене отырып ұйымдастырылады. Дәріс форматы: түсіндірмелі дәрістер; интерактивті, пікірталасқа құрылған дәрістер; онлайн веб-дәрістер (бейне, мультимедиа қолданып).

Семинарлар: тақырыптық талқылаулар; топтық жұмыс; кейс-талдау (жаһандық мәселелерді шешу мысалдары).

Практикалық сабақтар: контент талдау; фактчекинг жаттығулары; мәдениаралық коммуникация бойынша тренингтер; деректерді визуализациялау; цифрлық құралдармен практикалық жұмыс.

Онлайн білім беру құралдары: вебинарлар; цифрлық платформа материалдары; электронды ресурстар.

- Сарапшы пікірлері: шеберлік сыныптар; тренингтер; кәсіби кездесулер.

Оқу процесінің ерекшеліктері: бағалау жүйесі формативті және жиынтық бағалау қағидаттарына негізделеді. Тыңдаушылардың кәсіби жетістіктері оқу нәтижелерімен, практикалық тапсырмаларды орындаумен және микрооқыту сапасымен өлшенеді.

Практикалық жұмыс 1. «Инклюзивті білім беру тұжырымдамаларын талдау және халықаралық тәжірибені салыстыру». Тыңдаушылар ЮНЕСКО, UNICEF, OECD ұсынымдарына сүйене отырып инклюзивті білім беру жүйелерін талдайды. Қазақстандық тәжірибе мен халықаралық модельдердің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды, инклюзивті ортаға қойылатын негізгі талаптарды жүйелейді.

Практикалық жұмыс 2. «Оқушыға бағдарланған оқыту және жеке қолдау стратегияларын жобалау». Тыңдаушылар кейс-жағдаяттар негізінде оқушының қажеттілігіне қарай қолдау түрлерін (педагогикалық, эмоционалдық,

мотивациялық) жоспарлайды. Тұлғалық бағытталған тәсілдің элементтері практикалық мысалдармен талданады.

Практикалық жұмыс 3. «Жеке білім беру бағдарламасы және Жеке дамыту бағдарламасы үлгілерін әзірлеу». Тыңдаушылар нақты оқушы профилі негізінде құрылымын жасайды: оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелер, қолдау түрлері, бағалау тәсілдері. Пән бойынша тапсырмаларды даралау жолдары көрсетіледі.

Практикалық жұмыс 4.«Оқушылардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын қолдайтын әдістерді қолдану», рефлексиялық жаттығулар, когнитивтік ойындар, мидың дамуына бағытталған тапсырмалар қолданылады. Топтық тренинг формасында талдау жүргізіледі.

Практикалық жұмыс 5.«Ассистивті және цифрлық технологияларды қолдану мысалдарын әзірлеу». Тыңдаушылар нақты оқу тақырыбын таңдап, оған сәйкес ассистивті технологияны ендіреді. AR/VR, дыбыстық қолжетімділік, үлкейту бағдарламалары, оқу платформаларының инклюзивті функциялары зерттеледі.

Практикалық жұмыс 6.«Сыни, логикалық және креативті ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар әзірлеу». Bloom, TRIZ, SCAMPER әдістері қолданылып, проблемалық жағдаяттар, таңдау тапсырмалары, логикалық схемалар, салыстыру кестелері, креативті ойлауды белсендіру жаттығулары жасалады.

Практикалық жұмыс 7.«Педагогикалық диагностика және мониторинг жүргізу». Тыңдаушылар бақылау парағы, бақылау картасы, мониторинг кестесі, бақылау сұхбаты және скринингтік құралдар негізінде диагностикалық материал әзірлейді. Қорытындыны интерпретациялау үйретіледі.

Практикалық жұмыс 8.«Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жоспарын әзірлеу». Кейс-жағдаяттар бойынша педагог–психолог–дефектолог бірлескен қолдау жоспары құрастырылады. Әлеуметтік дағдыларды дамыту тренингтері, мінез-құлықты түзету стратегиялары, қолдау картасы жасалады.

Практикалық жұмыс 9.«Ата-аналармен және мультидисциплинарлық командамен серіктестік моделін жасау». Тыңдаушылар ата-аналар жиналысының сценарийін, МДК отырысының хаттамасын, серіктестік коммуникациясының алгоритмін әзірлейді. Қиын жағдайларды шешу бойынша рөлдік ойындар жүргізіледі.

Практикалық жұмыс 10.«Инклюзивті білім беру бойынша кәсіби рефлексия және даму траекториясын жоспарлау». Қатысушылар өзін-өзі бағалау парағын толтырады, кәсіби құзыреттер деңгейін талдайды, даму қажеттіліктерін айқындайды. Жеке даму бағдарламасы, кәсіби портфолио құрылымы, рефлексиялық есеп әзірленеді.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

## 1 – Модуль.

### «Педагогтің инклюзивтік құзыреттілігін дамыту негіздері»

Өзектілігі: Қазіргі білім беру кеңістігінде әртүрлі даму ерекшеліктері бар балалардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру қағидаттары халықаралық стандарттармен (ЮНЕСКО, UNICEF, CRPD) үйлесімді іске асырылуда және педагогтерден жаңа кәсіби рөлді, жоғары деңгейдегі педагогикалық икемділікті, әлеуметтік-сезімдік қолдауды қамтамасыз ету дағдыларын талап етеді.

Мектептердегі оқушылардың жеке және психофизиологиялық ерекшеліктерінің алуан түрлілігі педагогтің кәсіби құзыреттілігін үнемі жаңартып отыруды қажет етеді. Инклюзивті ортада жұмыс істеу үшін мұғалім тек пәндік біліммен шектелмей, психологиялық-педагогикалық қолдау, сараланған оқыту, ассистивті технологияларды қолдану, командалық өзара әрекеттесу сияқты кең ауқымды құзыреттерді меңгеруі тиіс.

Осыған байланысты 1-модульдің өзектілігі педагогтің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту арқылы оқушылардың білім алуына тең жағдай жасауға, оқу процесін бейімдеуге және жеке қолдау көрсетуге бағытталған дағдыларды жүйелі қалыптастырумен айқындалады.

Модульдің міндеттері:

- инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін, тұжырымдамалары мен даму тенденцияларын түсіндіру;
- оқушыға бағдарланған және тұлғаға бағытталған оқыту тәсілдерінің мазмұнын ашу;
- жеке білім беру бағдарламасы мен Жеке дамыту бағдарламасы құрудың құрылымы мен әдістемесін меңгерту;
- балалардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын қолдауда қолданылатын заманауи педагогикалық технологияларды үйрету;
- инклюзивті ортада цифрлық және ассистивті технологияларды тиімді қолдану тәжірибесін қалыптастыру;
- сыни, логикалық және креативті ойлауды дамыту стратегияларын талдау және қолдану жолдарын көрсету;
- педагогикалық диагностика мен мониторинг жүргізудің әдістері мен құралдарын меңгерту;

- балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған психологиялық-педагогикалық қолдау тәсілдерін үйрету;
- ата-аналармен және мультидисциплинарлық командамен нәтижелі серіктестік орнату мәдениетін қалыптастыру;
- педагогтің кәсіби рефлексиясы мен үздіксіз даму дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтижелері

Модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

- инклюзивті білім беру қағидаттарын, халықаралық стандарттарды және ұлттық саясатты терең түсінеді;
- оқушыға бағдарланған және тұлғаға бағытталған оқыту тәсілдерін тәжірибеде қолдана алады;
- ЖББ және ЖДБ әзірлеу, оқу мазмұнын бейімдеу және жеке қолдау көрсету дағдыларын меңгереді;
- баланың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын қолдайтын технологияларды сабақта қолданады;
- ассистивті және цифрлық технологияларды оқу процесіне кіріктіре алады;
- оқушылардың сыни, логикалық және креативті ойлауын дамытуға бағытталған оқу тапсырмаларын құрастырады;
- педагогикалық диагностика, мониторинг және оқушы дамуын бағалау құралдарын өз қызметінде қолданады;
- ата-аналармен, психологпен, дефектологпен және басқа мамандармен тиімді кәсіби серіктестік орнатады;
- кәсіби рефлексия жасай отырып, педагогикалық қызметін үздіксіз жетілдіруге ұмтылады.

| Модуль тақырыптары                                                             | Мазмұны                                                                                                                                                                      | Нәтижелері                                                                                                               |
|--------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.1-тақырып<br>Инклюзивті білім беру<br>тұжырымдамалары,<br>даму тенденциялары | Бұл тақырыпта инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттары, БҰҰ, ЮНЕСКО құжаттарындағы инклюзия түсінігі, әлемдік білім беру жүйелеріндегі даму тенденциялары қарастырылады. | –инклюзивті білім берудің халықаралық нормативтік негіздерін түсінеді;<br>– инклюзияның әлемдік тәжірибедегі модельдерін |

|                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                      |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| және халықаралық тәжірибелер                                                                                        | Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, инклюзивті орта қалыптастырудың тиімді модельдері, озық елдердің практикалық шешімдері және оларды ұлттық білім беру кеңістігінде қолдану мүмкіндіктері талданады                                                                                                                                                              | ажырата алады;<br>– озық практикаларды ұлттық контексте қолдану жолдарын талдайды.                                                                                                                                   |
| 1.2-тақырып<br>Оқушыға бағдарланған оқыту: педагогтің заманауи рөлі, кәсіби ұстанымы және жеке қолдау стратегиялары | Тақырып педагогтің оқыту үдерісіндегі трансформацияланған рөлін, оқушы қажеттіліктерін бірінші орынға қоятын педагогикалық ұстанымдарды қарастырады. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке қолдау стратегиялары, оқытудағы икемділік, мотивацияны арттыру тәсілдері және эмоциялық-психологиялық қолдау моделі оқытылады                             | – педагогтің заманауи рөлін және оқушыға бағдарланған ұстанымдарды меңгереді;<br>– жеке қолдау стратегияларын қолдана алады;<br>– оқу үдерісін эмоциялық-психологиялық қолдауды ескере отырып ұйымдастырады          |
| 1.3-тақырып<br>Тұлғаға бағдарланған және дифференциалды оқытуды жоспарлау: ЖББ мен ЖДБ құру негіздері               | Бұл бөлімде жеке білім беру бағдарламасы (ЖББ) мен жеке дамыту бағдарламаларын (ЖДБ) әзірлеудің әдістемелік негіздері қарастырылады. Оқушылардың жеке оқу мақсаттарын, даму ерекшеліктерін, қажетті қолдау түрлерін ескере отырып сабақ жоспарлаудың тетіктері түсіндіріледі. Саралау тәсілдері мен оқу траекторияларын құруға арналған практикалық модельдер ұсынылады | – ЖББ және ЖДБ құрылымын дұрыс әзірлейді;<br>– сараланған оқытуды жоспарлау тәсілдерін меңгереді;<br>– оқушылардың жеке мақсаттарын ескеретін оқу траекторияларын құра алады                                         |
| 1.4-тақырып<br>Балалардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын қолдайтын заманауи әдістер               | Тақырыпта SEL (Social Emotional Learning) элементтері, эмоцияны басқару, ынтымақтастық, дербестік сияқты әлеуметтік дағдыларды дамыту әдістері баяндалады. Сонымен қатар, когнитивтік процестерді қолдауға арналған ойын технологиялары, метатанымдық әдістер, нейропедагогика элементтері және олардың инклюзивті сыныптағы қолданылуы қарастырылады                   | – SEL әдістерін оқу үдерісіне кіріктіре алады;<br>– әлеуметтік және когнитивтік дағдыларды дамытуға арналған құралдарды меңгереді;<br>– метатанымдық әдістерді инклюзивті сыныпта тиімді қолданады                   |
| 1.5-тақырып<br>Инклюзивтік білім беру жағдайында цифрлық және ассистивті технологияларды тиімді пайдалану           | Бұл тақырыпта ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған ассистивті құралдар (дыбыстық қолдау, экран оқитын құрылғылар, кеңейтілген шрифттер, бейімделген интерфейстер) және цифрлық платформалардың мүмкіндіктері талданады. Тиімді қолдану критерийлері, оқу тапсырмаларын цифрлық бейімдеу жолдары көрсетіледі                                                     | – ассистивті технологиялардың түрлерін біледі және қолданады;<br>– цифрлық ресурстарды оқу мақсаттарына сай бейімдей алады;<br>– ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған қолжетімді цифрлық орта қалыптастырады |

|                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.6-тақырып<br>Балалардың сыни, логикалық және креативті ойлауын дамыту технологиялары                                                 | Сыни ойлау стратегиялары (TRIZ, Bloom, 6 Thinking Hats, PMI), логикалық ойлауды дамыту жаттығулары және шығармашылық әлеуетті ашатын әдістемелер ұсынылады. Әдістердің инклюзивті сыныпта қолданылу ерекшеліктері мен бейімдеу жолдары қарастырылады                                        | – сыни ойлауды дамыту стратегияларын сабақта қолданады;<br>– логикалық және креативті ойлауға арналған тапсырмалар құрастырады;<br>– әдістерді инклюзивті ортаға бейімдей алады                                  |
| 1.7-тақырып<br>Педагогикалық диагностика және мониторинг: балалардың даму ерекшеліктерін анықтау және бағалау әдістері                 | Балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық, моторлық даму деңгейін анықтайтын диагностикалық әдістер қарастырылады. Мониторинг жүргізу принциптері, динамикалық бақылау, бағалау парақтары, рубрикалар мен бақылау карталарын қолдану үлгілері түсіндіріледі                                 | – диагностиканың негізгі әдістерін меңгереді;<br>– мониторинг жүргізудің тиімді тәсілдерін қолданады;<br>– оқушының даму динамикасын жүйелі бағалай алады.                                                       |
| 1.8-тақырып<br>Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стратегиялары және балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту                   | Қолдау көрсету моделдері, баланың әлеуметтік интеграциясын күшейту жолдары, топтық жұмысқа бейімдеу, мінез-құлық қиындықтары бар оқушылармен жұмыс тәсілдері ұсынылады. Эмоциялық әл-ауқатты қамтамасыз етуге арналған әдістер талданады                                                    | – психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің тиімді стратегияларын игереді;<br>– әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған әдістерді қолданады;<br>– мінез-құлық қиындықтары бар балалармен жұмыс жүргізе алады |
| 1.9-тақырып<br>Ата-аналармен және мультидисциплинарлық командамен (психолог, дефектолог, әлеуметтік педагог) серіктестікті ұйымдастыру | Инклюзивті білім беруде командамен жұмыс жасаудың маңызы, мамандар арасындағы тиімді коммуникация модельдері, ата-анамен құрылған серіктестік формалары түсіндіріледі. Кезеңдік кездесулер, бірлескен жоспарлау, рефлексия және оқушының даму картасын бірлесіп жүргізу жолдары көрсетіледі | – командалық өзара әрекеттесу дағдыларын меңгереді;<br>– ата-анамен тиімді коммуникация орнатады;<br>– бірлескен жоспарлау және диагностика жүргізуге қатыса алады                                               |
| 1.10-тақырып<br>Педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы: өзін-өзі бағалау және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру әдістері      | Педагогтің рефлексивтік тәжірибесі, кәсіби өзін-өзі талдау құралдары, портфолио жүргізу, Lesson Study, Action Research әдістері қарастырылады. Үздіксіз кәсіби даму траекториясын жоспарлау жолдары және кәсіби күйзелістің алдын алу тәсілдері беріледі                                    | – рефлексия жүргізудің тиімді әдістерін меңгереді;<br>– action research және lesson study құралдарын қолданады;<br>– үздіксіз кәсіби даму жоспарын жасай алады                                                   |



## 2– Модуль Вариативті. «Инклюзивті білім беру тәжірибелері»

Модульдің өзектілігі: Заманауи инклюзивті білім беру кеңістігі педагогтен оқыту процесін икемді ұйымдастыруды, әр оқушының жеке оқу мүмкіндіктерін ескеруді және оқу материалын бейімдеп ұсынуды талап етеді. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дифференциалды тапсырмалар, бейімделген оқу ресурстары, ассистивті технологиялар және қауіпсіз цифрлық ортаға қолжетімділік – сапалы оқытудың негізгі шарттарына айналды.

Бұл модуль инклюзивті практиканы нақты жағдайларда қолдануды, әртүрлі құралдарды тиімді таңдауды және оқушылардың оқу жетістіктеріне тікелей әсер ететін педагогикалық шешімдерді жобалауды қарастырады. Сонымен қатар, цифрлық сауаттылық пен ақпараттық қауіпсіздік талаптары күшейген жаңа жағдайда педагогтердің кәсіби бейімделуі ерекше мәнге ие.

Модульдің міндеттері:

Модульді меңгеру барысында тыңдаушылар келесі міндеттерді орындайды:

- инклюзивті оқытуда дифференциалды және дербестендірілген тапсырмалар әзірлеудің қағидаттарын меңгеру;
- әртүрлі білім деңгейіндегі оқушыларға арналған тапсырмаларды бейімдеу, визуалды, мәтіндік, аудио және практикалық форматтарды вариациялау жолдарын тәжірибеде қолдану;
- бейімделген оқу материалдарын құрастырудың әдістемесін меңгеру және нақты мысалдар негізінде тәжірибелік дағдылар қалыптастыру;
- ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және онлайн ортадағы мінез-құлық нормаларын түсіну;
- білім беру платформаларында қолжетімділік параметрлерін дұрыс баптай алу, ассистивті және интерактивті технологияларды оқу процесіне кіріктіру;
- инклюзивті цифрлық ортада жұмыс істеу дағдыларын дамыту, бейімделген интерфейстер мен қолжетімді оқу құралдарын қолдануды үйрену.

Күтілетін нәтижелер

Модуль аяқталғанда тыңдаушылар:

- дифференциалды, дербестендірілген тапсырмалардың мәнін, түрлерін және оларды әзірлеу логикасын меңгереді;

- инклюзивті оқытудағы ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі қағидаттарын, цифрлық этика нормаларын түсінеді;
- ассистивті технологиялардың мүмкіндіктерін және инклюзивті ортада қолдану тәсілдерін біледі.
- оқу мақсаттарына сәйкес бейімделген тапсырмалар құрастырады;
- күрделілік деңгейі әртүрлі тапсырмаларды дайындайды және оларды ерекше қажеттіліктері бар балалардың жеке мүмкіндіктеріне қарай бейімдейді;
- білім беру платформаларында қолжетімділік параметрлерін орнатады (шрифтті үлкейту, контраст режимі, мәтінді дыбыстау, интерфейсті жеңілдету және т.б.);
- ассистивті және интерактивті құралдарды (экран оқитын құрылғылар, сөйлеу синтезаторлары, AR/VR элементтері, визуалды схемалар) сабақта тиімді қолданады.
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін құрметтейтін, қауіпсіз және қолжетімді цифрлық ортаны құруға жауапкершілікпен қарайды;
- инклюзивті білім беру процесінде кәсіби этика мен цифрлық этика нормаларын сақтайды;
- инклюзивті ортада оқу материалдарын бейімдеу бойынша кәсіби құзыреттілігін арттырады.

| Модульдің тақырыптары                                                                                   | Мазмұны                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Нәтижелері                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2.1-тақырып<br>Инклюзивтік оқыту жағдайында дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу | Тақырып әртүрлі дайындық деңгейіндегі оқушыларға арналған тапсырмаларды бейімдеу қағидаттарын қамтиды. Оқу мақсаттарын нақтылау, тапсырмаларды күрделілік деңгейі бойынша саралау, оқу материалының визуалды, мәтіндік және практикалық түрлерін түрлендіру жолдары көрсетіледі. Қолдануға дайын бейімделген тапсырма үлгілері беріледі | -дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу принциптерін меңгереді;<br>– оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмаларды күрделілік деңгейі бойынша бейімдейді;<br>– визуалды, мәтіндік және практикалық материалдарды оқушылардың мүмкіндіктеріне қарай түрлендіреді; |

|                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | – инклюзивті сыныпта тиімді оқу траекторияларын құра алады                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 2.2-тақырып<br>Ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және білім беру платформаларындағы қолжетімділік. Инклюзивтік ортада интерактивті және ассистивті технологияларды қолдану практикалық мысалдары | Цифрлық ортадағы қауіпсіздік қағидаттары, жеке мәліметтерді қорғау, онлайн коммуникациядағы этикалық нормалар қарастырылады. Білім беру платформаларындағы қолжетімділік параметрлері, бейімделген интерфейстер және интерактивті құралдарды қолдану бойынша нақты практикалық кейстер ұсынылады | – ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық этика қағидаттарын түсінеді және сақтайды;<br>– онлайн ортада жеке мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді;<br>– білім беру платформаларын инклюзивтілік принциптері бойынша қолдана алады;<br>– интерактивті және ассистивті технологияларды сабаққа тиімді кіріктіре алады |

### 3 – Модуль. Микрооқыту. Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу

Модульдің өзектілігі: Қазіргі педагогикалық практикада теориялық білімді нақты сабақтағы іс-тәжірибемен байланыстыру, өзара кәсіби тәжірибе алмасу және микрооқыту арқылы дағдыларды жетілдіру ерекше маңызды. Модуль педагогтерге инклюзивті оқыту жағдайында нақты оқу-тәрбие процесінде шешім қабылдау, оқушылардың даму ерекшеліктерін ескеріп сабақ жүргізу және кәсіби рефлексия жасау мүмкіндігін береді. Микрооқыту форматы қысқа тәжірибелік сессияларда педагогтердің сабақ жүргізу шеберлігін арттыруға, инновациялық әдістерді тәжірибеде сынауға, кәсіби серіктестік пен өзара қолдауды дамытуға мүмкіндік береді.

Міндеттері:

Модульді меңгеру барысында тыңдаушылар:

- микрооқыту форматы мен оның педагогикалық тиімділігін түсінеді және қолдануды үйренеді.
- инклюзивті сыныпта практикалық сабақ жүргізу дағдыларын жетілдіреді.
- педагогикалық серіктестік орнату, бірлескен жоспарлау және тәжірибе алмасу механизмдерін меңгереді.

- сабақтағы инновациялық әдістер мен ассистивті технологияларды нақты жағдайларда сынайды.
  - кәсіби рефлексия жүргізу және өз тәжірибесін жетілдіру құралдарын қолдануды үйренеді.
- Күтілетін нәтижелері  
Модуль аяқталғаннан кейін педагогтар:
- микрооқытудың теориялық негіздерін және қолдану тәсілдерін біледі;
  - инклюзивті ортадағы практикалық сабақ жүргізудің ерекшеліктерін түсінеді;
  - педагогикалық серіктестік, бірлескен жоспарлау және тәжірибе алмасу мәнін меңгереді.
  - короткосрочный тәжірибелік сабақтар (микрооқыту) өткізе алады;
  - инклюзивті сыныптағы оқу тапсырмаларын бейімдейді;
  - интерактивті және ассистивті құралдарды сабақта тиімді пайдаланады;
  - сабақ соңында кәсіби рефлексия жүргізеді және жетілдіру жоспарларын жасайды.
  - кәсіби серіктестік пен тәжірибе алмасуға ашықтық танытады;
  - өз кәсіби дамуын үздіксіз жетілдіруге ұмтылады;
  - инклюзивті білім берудегі этика мен жауапкершілікті сақтайды.

| Модульдің тақырыптары                                                                                   | Мазмұны                                                                                                                                                                                                                                                                              | Нәтижелері                                                                                                                                                                         |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3.1-тақырып<br>Мультидисциплинарлық командамен жұмыс және педагогикалық серіктестікті дамыту тәжірибесі | Бұл модульде тыңдаушылар нақты практикалық тапсырмалар орындайды: мамандармен бірлескен кеңес құру, оқушының ЖББ/ЖДБ бойынша командалық шешім қабылдау, педагогикалық кейстерді талдау. Тәжірибе бөлісу, кәсіби пікірталас, шеберлік сағаттары мен практикалық тренингтер өткізіледі | мультидисциплинарлық командада тиімді жұмыс жасау дағдыларын меңгереді;<br>– педагогикалық кейстерді талдай отырып, практикалық шешімдер қабылдай алады;<br>– командалық жоспарлау |

|  |  |                                                                                                                                                                                             |
|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | мен бірлескен шешім қабылдауға қатысады;<br>–педагогикалық серіктестікті орнатып, тәжірибе алмасу мәдениетін қалыптастырады;<br>– өз кәсіби дамуы үшін рефлексия жүргізу қабілетін дамытады |
|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау курстың барысында – формативті бағалау, сондай-ақ курсты аяқтағаннан кейін бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде әзірлеуші белгілеген формада жүзеге асырылады.

Формативті бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Бұл практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ фрагментін жобалау, тапсырмалар жүйесін орындау түрінде өткізіледі.

Формативті бағалау әрбір зерттелетін модульдер бойынша тест тапсырмаларын және тыңдаушылардың әртүрлі практикалық тапсырмаларды талдау, синтездеу, бағалау деңгейлерінде орындауын қамтиды.

Тапсырмалар, орындауға арналған ұсыныстар, орындау үлгілері, өзін-өзі тексеру эталондары, тапсырмаларды бағалау критерийлері оқу-әдістемелік кешенге енгізілген.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық және жеке сұраныстар бойынша кеңес беріледі.

Суммативті бағалау демо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т.б. түрінде өткізілуі мүмкін.

Курс тыңдаушыларының жұмысы нәтижеге қарай бақылау және тест тапсырмаларын орындау, таныстырылымды қорғау, сондай-ақ арнайы тақырыптар бойынша берілетін практикалық жұмысты орындау деңгейіне байланысты бағаланады.

Қорытынды аттестация тестілеу түрінде өтеді. Жалпы сұрақтар саны – 15 тест тапсырмасын құрайды.

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаны туралы сертификат курс бойынша қорытынды тестілеуінің кем деген ұпай санының 50% жинаған жағдайда беріледі.

| Бағалаудың әріптік жүйесі | Сандық эквивалент | Ұпайлардың мазмұндық пайызы | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|---------------------------|-------------------|-----------------------------|-------------------------------|
| A, -A                     | 3,67 - 4,00       | 94 – 100                    | Өте жақсы                     |
| B, -B, +B, +C             | 2,33 - 3,33       | 74 – 85                     | Жақсы                         |
| C, -C, D, +D              | 1,00 - 2,00       | 50 – 65                     | Қанағаттанарлық               |
| F                         | 0,00              | 0 – 49                      | Қанағаттанарлықсыз            |

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін таныстырылым өткізіледі.

Мақсаты: педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы барысында меңгерген басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерін анықтау және олардың кәсіби даму деңгейін нақты бағалау. Бағалау келесі міндеттерді шешуге бағытталған.

Бағалау тапсырмасы:

- Тапсырма: Таныстырылым
- Ұзақтығы: 5–7 минут
- Слайд саны: 5-тен артық емес
- Міндеті: Оқу бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижесінде алынған білім мен инновациялық тәсілдерді қысқа презентация арқылы көрсету.

Бағалау критерийлері:

| Критерий                        | 0 балл                   | 1 балл             | 2 балл             | 3 балл                                     |
|---------------------------------|--------------------------|--------------------|--------------------|--------------------------------------------|
| Дәлелдемелердің сапасы          | Дәлелдемелер ұсынылмаған | Дәлелдемелер әлсіз | Дәлелдемелер күшті | Дәлелдемелер өте күшті, нақты және сенімді |
| Инновациялық тәсілдерді қолдану | Қолданылмаған            | Әлсіз қолданылған  | Қолданылған        | Өте тиімді қолданылған                     |

|                                    |                                 |                            |                                  |                                            |
|------------------------------------|---------------------------------|----------------------------|----------------------------------|--------------------------------------------|
| Құрылым мен логика                 | Жоспарсыз, түсініксіз           | Әлсіз құрылымдалған        | Жақсы құрылымдалған              | Өте жүйелі, логикалық байланысы бар        |
| Слайд мазмұны мен көрнекілігі      | Мазмұн жоқ немесе жеткіліксіз   | Әлсіз, ақпарат толық емес  | Жақсы, негізгі ақпарат қамтылған | Өте көрнекі, қысқа әрі нақты ақпаратпен    |
| Уақытты сақтау және жеткізу мәнері | Уақытты сақтамады, мәнері нашар | Әлсіз, уақытқа сәйкес емес | Жақсы, уақытқа сай               | Өте тиімді, уақытқа сай және мәнері жоғары |

Максималды балл:15

Қорытынды бағалау:

- 0–5 балл:Қабілет төмен, қосымша қолдау қажет
- 6–10 балл:Орташа деңгей, кейбір аспектілерді жетілдіру қажет
- 11–15 балл:Жоғары деңгей, модульді меңгергенін көрсетеді

## 9. Курстан кейінгі қолдау

Мұғалімдерін курстан кейінгі қолдауы 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең

Тақырыпты таңдау, кәсіби дамуының мақсаттарын анықтау, іс-шара әзірлеу кезінде куратордан кеңес беру. Кеңес беру электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), Zoom, Teams платформалары арқылы жүзеге асырылады.

2 кезең

Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша кеңес беру және тәжірибе алмасу.

3 кезең

Педагогтердің құзыреттіліктерінің дамуы мен кәсіби өсуін талдау және бағалау.

Тыңдаушыларға курстан кейінгі қолдау шараларының тізімі ұсынылады. Олар осы тізімнен өздерінің жеке жоспарына қосылатын шараларды таңдайды.

| № | Іс-шаралар                                                                                                             | Аяқтау формасы                                                                                                                  |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Тыңдаушылардың курстан кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде жоспарлау | Педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде Google кестесінде жоспарлау |
| 2 | Жеке консультациялар өткізу                                                                                            | Консультация тақырыбы бойынша ұсыныстар                                                                                         |
| 3 | Іс-шараларға қатысу                                                                                                    | Бақылау парағы                                                                                                                  |
| 4 | Вебинарлар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)                                                                  | Жоспар, материалдар, ұсыныстар                                                                                                  |
| 5 | Педагогтердің бастамасымен мастер-класстар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)                                  | Жоспар, материалдар, ұсыныстар                                                                                                  |
| 6 | Зерттеу нәтижелерін БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда жариялауы (оқытушымен бірге)             | БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда мақала                                                                |

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Асанова Г., Мұхамедов Б. Инклюзивті білім беру: теория мен практика. – Алматы: Білім әлемі, 2023.
2. UNESCO. Inclusive Education: Guidelines for Policy and Practice. – Paris: UNESCO Publishing, 2022.
3. Florian L., Black-Hawkins K. Exploring Inclusive Pedagogy. – Routledge, 2021.
4. Қайратова Ж., Есенғалиева А. Балалардың даму ерекшеліктерін ескеретін педагогикалық технологиялар. – Нұр-Сұлтан: 2023.
5. Armstrong T. Neurodiversity in the Classroom: Strength-Based Strategies for Students with Special Needs. – ASCD, 2020.
6. Сапарова М., Тұрсынбекова А. Жеке қолдау стратегиялары мен инклюзивтік оқыту тәсілдері. – Алматы, 2024.
7. Microsoft Education. Inclusive Teaching Toolkit: Digital Resources for Supporting Diverse Learners. – Microsoft Press, 2022.

Қосымша әдебиеттер:



1. OECD. Inclusive Education and Digital Transformation: Policies and Practices. – OECD Publishing, 2023.
2. Google for Education. Supporting All Students: Inclusive Practices with Digital Tools. – 2021–2024.
3. Halaweh M. Digital Ethics and Accessibility in Education. – Springer, 2022.
4. Құрманбекова Б. Ақпараттық қауіпсіздік және цифрлық мәдениет негіздері. – Алматы: ҚазҰУ ғылыми журнал, 2023.
5. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Инклюзивті білім беру және заманауи педагогикалық тәжірибелер. – Педагогика сериясы, 2022–2024.
6. ust.kz платформасы. Инклюзивті сабақтарда цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесі. – 2023–2025.